

МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ ТІЛДІ

МҮКӘММАЛ ДАСТАН – ШӘРИФИ «ШАҢНАМАСЫ»



Төрәлі ҚЫДЫР,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің доценті,
филология ғылымының
кандидаты

XIII ғасырда Аюбидтер династиясын тақтан ығыстырып, билік басына келген мәмлүк сұлтандары Мысырда түрк текті мәдениеттің кеңінен тарауына тікелей ықпал етті. Олар түрк тілінде жазылған еңбектерге барынша қолдау көрсетіп отырды. Тіпті кейбір шығармаларды өздері арнайы тапсырыс беріп жаздырды. Мысырда түрк тілі ғылым мен әдебиеттің тілі ретінде мойындала бастады. Соның нәтижесінде атбегілік («Китәбун фи рийәдәтул-хәйл») пен әскери айла-тәсілге («Муғинул-ғуззат») қатысты жазылған еңбектермен қатар, түрк тілінің бай сөздік қорынан хабар беретін «Китәб әл-идрәк ли-лисән әл-әтрәк», «Әт-тухфәт әз-зәккыйә фи луғәт әт-туркийә» секілді сөздіктер, сондай-ақ, Ханафи мәзһабінің жөн-жосығын егжей-тегжей түсіндіретін «Китәби муқәддимәи Әбу Ләйс Сәмәрқанди», «Иршадул-мулук уәс-сәлатин» сияқты фикһтық еңбектер дүниеге келді. Сол замандағы мәмлүктердің рухани қажеттілігін қанағаттандырған бұл жәдігерлер бүгінде түрк халықтарының, соның ішінде қазақтардың мәдени мұрасына айналып отыр.

Мысырда дүниеге келген жазба ескерткіштердің тілі туралы түрктанушы Әмір Нәжіп: «Мәмлүк-қыпшақ, мәмлүк-египеттік, қыпшақ («таза қыпшақша»), алтын орда-египеттік, қыпшақ-оғыз жазба тілі» деп, бірнеше атауларды ұсынып, өзі мәмлүк-қыпшақ тілі деген тоқтамға келген. Ғылымда түрк жазба тілінің даму ерекшеліктерінің бірі ретінде қарастырылатын

мәмлүк-қыпшақ тілі түрк халықтарының ішінде бүгінгі қазақ тіліне ең жақын екендігі талас тудырмайды. Бұл жәдігерлердің алыс құрлықта дүниеге келгеніне қарамастан, қазақ мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қарастырылатыны да сондықтан.

Жалпы, мәмлүк-қыпшақтар билігі тұсында дүниеге келген мәдени мұраларды екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – төлтума шығармалар болса, екіншісі – аудармалар. Атбегілік, әскери өнерге қатысты танымдық еңбектердің кейбірі араб тілінен тәржімаланған болса, көркем туындылар, негізінен, парсышадан аударылды. Мысалы, парсы шайыры Мусләхиддин Сағдидің 1258 жылы жазылған «Гулистаны» 1391 жылы түрк ақыны Сәйф Сараи тарапынан «Түркі тіліндегі Гүлістан» деген атпен тәржімаланды. Сондай-ақ Фердаусидің әлемге мәшһүр «Шаһнамасы» да ең алғаш рет түрк жазба тіліне осы Мысырда тәржімаланды.

Мәмлүк-қыпшақтар билігі тұсында аударылған «Шаһнама» – тек түрк халықтарының мәдени мұрасы ғана емес, сонымен бірге әлем әдебиетінің асыл қорына қосылған үздік туынды десек те болады. Себебі көлемі жағынан бірнеше шығарманы орап түсетін Фердаусидің бұл туындысы XVI ғасырға дейін өзге тілдерге аударылмаған болатын. Әрине, «Шаһнамада» кездесетін кейбір сюжеттер мен образдар негізінде хикаялар, дастандар жазылғанымен де, шығарма бастан-аяқ толық тәржімаланбаған еді. Себебі 60 000 бәйт, яғни 120 000 жолдан тұратын көлемді эпикалық туындыны қолға алуға кез-келгеннің батылы бармайтын. Сондықтан да X ғасырда жазылған Фердауси мұрасы бес жүз жылға дейін өз тәржіманын (аудармашысын) күтіп жатты десек те болады.

Арадағы бес жүз жылдық үнсіздіктен кейін «Шаһнама» алғаш рет Шәрифи тарапынан түрк жазба тілінде толық аударылды. Мәмлүк-қыпшақтар тұсында Мысырда өмір сүрген Шәрифи туралы толық мәлімет жоқ. Аудармашының бұдан басқа қандай шығармалар жазғандығы хақында да дерек кездеспейді. Өкінішке қарай, сол замандағы қалам иелері секілді рияны басты негізгі мәселе ретінде қойған шайыр шығарманың ішінде де өзінің хал-ахуалы туралы жарытып ешнәрсе айтпаған.

Әдетте, төлтума шығармаларға қарағанда, аудармалар тапсырыспен жазылатыны белгілі. Мұндай дәстүр орта ғасырларда жиі кездеседі. Түрк тіліндегі «Шаһнаманың» «Сәбәб-е тәлиф» яғни «Шығарманың жазылу себебі» бөлімінде шайыр аудармаға не себеп болғанын ашып айтады. Ол:

*Көрүр «Шаһнамаи» сұлтан-и «ариф,
Ки анда шарф олмыш чоқ ма»ариф.
Діләді кім дана түрки діліне,
Ки асан ала мағнасы біліне –*

деп, сол заманның белгілі сұлтаны, яғни Кансау әл-Ғауридің өзі тәржімалауға ұсыныс жасағанын айта-

ды. Содан сұлтанның өзінен тапсырыс алған шайыр, Фердауси «Шаһнамасының» еркін аудармасын жасауға кіріскен. 1501-1517 жылдар аралығында билік құрған Кансау әл-Ғаури шайырдың шабытына лайық жағдай да жасап берген. Себебі сұлтанның өзі де сөз өнерінің қадірін білетін жан болғандығы, реті келгенде өлең де жазып отырғандығы туралы деректер бар. Араб һәм түрк қатар жыр жолдарын жазған сұлтан парсы тілін жетік білетін аудармашыға қолқа салғанына қарағанда, Шәрифи де өз заманында қалыптасқан белгілі ақындардың бірі болған деп тұжырым жасауға болатын сияқты.

Парсы тіліне жетік Шәрифи «Шаһнаманың» еркін аудармасын жасаған. Сол замандағы әуелі Аллаға



Ыстамбұл қаласындағы Сүлеймания кітапханасында сақталған қолжазбаның 1-беті және дастан беттеріне салынған миниатюралар



сәна, содан соң Мұхаммед пайғамбар мен Әбубәкір, Омар, Оспан және Әли секілді әділетті халифтарға мадақ айтып, содан кейін мәмлүк-сұлтандарына арнау жазған. Сұлтандықтың соңғы жылдары таққа отырған Сұлтан Қайтбай (1468-1496), Әбу Сағадат Мұхаммед Нәсір (1496-1498), Кансу Заһир (1498-1500), Жанболат Әшраф (1500-1501) және Кансу әл-Ғаурилерге (1501-1516) арнап, олардың билігіне шолу жасап, олардың жетістіктерін асқақтата жырлаған. Әсіресе, Кансу әл-Ғауридің билікке келген кезін «Қабыл етіп Құдай халықтың дұғасын, Берер көңілдердің қалауын», – деп ерекше атап өтеді. «Шаһнаманы» түрк тіліне тәржімалау туралы ұсыныс түскенде бірден қабылдамаған Шәрифидің сұлтанның өзі қолқа салып тұрған соң: «Егер тупық берсе бізге Сұбхан, Ағызам сөз орнына аб-е хәйуан (мәңгілік суын)», – деп тәуекелге бел байлаған. Шығарманың алғашқы мың жолы осылайша «кіріспеге» арналған туындының алғашқы бөлімі «Әууәл кәси ке падишаһи кәрд дәр дунйа Кәйиумәрс буд» яғни «Дүниеде алғаш патшалық құрған Кәйюмәрс болатын» деп басталған.

Жалпы, 56 505 бәйттен яғни 113 010 жолдан тұратын Шәрифидің «Шаһнамасы» 685 бөлімнен тұрады. Әр бөлімде тақырып кеңінен ашылған. Шайыр «Шаһнаманың» қалыбын сақтап, мәснәуи өлең құрылысымен жазып шыққан. Алайда өлең өлшемін түркілікырғаққарай бейімдеген. Себебі араб тілінен енген арузды Фердауси бармақ ұйқасына негізделген парсы тіліне ыңғайлап мутақариб («фә’улун фә’улун фә’улун фә’ул») өлшемімен жазылған болатын. Осы орайда Фердауси жазған мутақариб өлшемі ортағасырлық түрк жәдігерлерінде де кеңінен қолданылғанын атап өткен жөн. Десек те Шәрифидің бұл уәзінді бұзып, түркі ырғаққа икемдеп «Мәфә’илун мәфә’илун фә’улун» өлшемімен жазып шыққан.

Кітапты түркіше сөйлетуге қанша уақыт кеткені туралы автор: «Бұ кітабың назмына Мәуләнә әс-сұлтан әз насраһу әл-Ғури әууәл салтанат елінде ибтидә әйләдік. Он иылда тамам олунды, оның дәулетінде илтимәмә ерішді», – деп, шығарманы тәржімалау бас-аяғы он жылға созылғанын жазады. Әл-Ғаури таққа отырған жылы, яғни 1501 жылы (әл-Ғаури 1501-1516 жж. билік құрған) басталған болса, 1510 жылы аяқталған. Көлемі жағынан бірнеше шығарманы орап кететін (120 000 жолдан тұрады) Фердауси мұрасын он жыл аударғанына қарағанда, тәржіман бұл іске өте байыппен қарап, асықпай аударғаны аңғарылады. Соңында Шәрифидің «Еріштірдім кәмәл илә тәмәмә, Бихәмдилләһ, йазылды «Шаһнама» яғни «Шаһнаманы толықтырып жазып шықтым» деп, Аллаға шүкіршілік етеді.

Шайырдың Аллаға шүкіршілік ететіндей бұл шығарма сол кезде-ақ өз оқырмандарын тапқан. Іші батырлық пен ерлікке толған ақын мұрасы күйреп бара жатқан мәмлүктер билігіне аз да болса демеу болған. Себебі Кансау әл-Ғауридің сұлтандығының аяқталуымен мәмлүк қыпшақтарының билігі де күйреді. Осман империясының тарих сахнасына шығуымен сол кездегі геосаяси жағдай өзгеріп, әлем картасы қайта сызылды. Бұл шығарманың жазылуының саяси жағы да осында болса керек.

Түркі «Шаһнаманың» алғашқы мың жолы Фердаусиде жоқ жолдармен жазылған болса, соңғы жолдарын да Шәрифидің өз тарапынан қосқан. Онда Фердауси мен Сұлтан Махмұт арасындағы қарым-қатынасты да ашып жазған. Шығарманың соңғы жағындағы жүз жол Сұлтан әл-Ғауридің мадақтауға арналған. Туынды көлемді болғандықтан да, сол заманның өзінде екі кітап болып тараған. Бір кездері Дақиқи бастап, соңғы нүктесін Фердауси қойған шығарма көлемді ғана емес, сонымен бірге ертегі, аңыз, тарих қатар

Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,

Филология ғылымының докторы, профессор

«ШАҢНАМАНЫҢ» ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ АСЫЛ МӘТІНІ – АЙРЫҚША ҚҰНДЫ МҰРА

Иран халқының ұлы ақыны Ә. Фердаусидің «Шаһнама» дастаны 977 – 1010 жылдары дүниеге келді. Бұл ұлы туындыда Фердауси өзіне дейінгі халық санасы мен жазба мұраларда қатталып қалған тарихи деректерге сүйене отырып, парсы, түрк халықтары арасында көне замандарда болып өткен тарихи оқиғаларды өз дастанының сюжеттік желісіне арқау етті. Зерттеушілер «Шаһнаманың» арғы төркінінде ж. с. д. I мыңжылдықтың алғашқы жартысынан туындай бастады деп есептелетін көне «Авестадағы» оқиғалар сарыны бар екендігіне мән береді. «Авеста» кітабында кең түрде таратылып жырланатын Тұранның ұлы қағаны Афрасиаб (Алып Ер Тоңа) туралы деректер – түрк мен парсы жұрттарының, яғни Иран-Тұран халық-

өрілген тамаша туынды болатын. Елу патшалықтың тарихы жырланған шығармаға сұраныс та көп болған сияқты. Себебі біздің заманымызға дейін оншақты нұсқада жетіп келген қолжазбалардың безендірілуі мен сақталуы да ерекше. XVI ғасырда жазылған түркі «Шаһнаманың» бүгінгі ғылымға белгілі бірнеше нұсқалары бар. Ыстамбұл (Түркия), Душанбе (Тәжікстан), Нью-Йорк (АҚШ) пен Лондон (Ұлыбритания) кітапханаларында сақталып тұрған қолжазбалардың бүгінде құндылығы жоғары.

Біздің заманымызға дейін бірнеше нұсқада жетіп келген мәмлүктер мұрасын әр жылдары М. Жаберт, Ю. Моль, А. Ромаскович, В. Гарбузова, Ч. Рье, Дж. Гибб, А. Зайончковский, Р. Исламов және т. б. түркітанушы ғалымдар зерттеп, бұл туындының ерекшелігі мен құндылығы туралы өз пікірлерін білдірді. Орта ғасырларда жүз мың жолдан артық өлең сөзбен өрнектелген бұл әдеби жәдігер, тек, Фердауси шығармасының түрк тіліндегі ең алғашқы тәржімасы ғана емес, ең бастысы – түрк тілінің поэтикалық

тарының өте көне заманнан-ақ өзара аралас-құралас болғанын бағамдатады. Сол дәуірлердегі мол тарихи оқиғалардың көріністері М. Қашқаридың «Түрк сөздігіндегі» халық аузында ғасырлар бойы жырланған түрк қағаны Алып Ер Тоңа туралы тарихи дастаннан алынған өлең шумақтарынан-ақ анық көрінеді.

XI ғасырда Баласағұн қаласында дүниеге келген Қас Қаджиб Баласағұни да атақты «Құтадғу біліг» дастанында Алып Ер Тоңаға өз кітабында арнайы тарау беріп, оны тәжіктер Афрасиаб, түркілер Алып Ер Тоңа деп атайтынын жазды. Фердаусидің «Шаһнамасында» Тұранның ұлы қағаны Афрасиабтың түрк халықтарының басын қосып, біріктіргені, Иран жұртына сес көрсеткені, қалың қолмен келіп, жорық жасағаны жан-жақты суреттеледі.

Ә. Фердаусидің ұлы туындысы «Шаһнама» дастаны қазақ халқы арасында да кеңінен танымал. Оны ақмешіттік Ораз молда 1856-1870 жылдары аударғанда, Рүстем батырды бас кейіпкер деңгейіне көтеріп, сюжеттік желіні дастанда жырланатын Кеюмарс пен Кейхұсрау арасында болып өткен оқиға барысына құрды. 1880 жылы Серәлі ақын оны «Қисса-и Рүстем» деген атпен аударды. «Айқап» журналының бас редакторы Мұхаметжан Сералин дастанды ақын Жуковскийдің орыс тіліне тәржімалаған аудармасына сүйене отырып, 1914-1915 жылдары «Рүстем-Сухраб» деген атпен жариялады. «Шаһнаманы»

қуатының көрсеткіші. Себебі осындай шығармалар «араб – ғылымның, парсы – поэзияның тілі» деген ортағасырлық қасаң пікірді жоққа шығарғандығы анық. Сондай-ақ, осы жәдігерде түрктің бай сөздік қоры кеңінен қолданылғандығы белгілі.

«Кімсәнә бұ кітаба ұрмады ел, кімсана етмәді бұ мүшкілі хал», яғни «Ешкім де бұл кітапқа ұрмады қол, ешкім де бұл мүшкілді қылмады хал» деп қыпшақ ақыны Шәрифидің жазғанындай, осы жәдігерден кейін түрк дүниесінде, соның ішінде қазақ даласында Фердауси мұрасы бірнеше рет қайта тәржімаланды. Белгілі шығыстанушы Ө. Күмісбаевтің зерттеулерінде XIX-XX ғасырда өмір сүрген Шәді Жәңгірұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Мұхаммеджан Сералин, Ораз молла секілді қазақ ақындарының да «Шаһнаманы» қазақша сөйлеткені жан-жақты ашып көретілген. Олардың кейбірі түпнұсқаға барса, ендігі бірі орыс тілінен аударған болатын.

Соңғы жылдары өткен тарихқа терең үңіліп, бабалардан қалған асыл мұраларға қызығушылық

оңтүстіктің кітаби ақындар ішіндегі бірегей ақыны Шәді Жәңгірұлы да аударған, бірақ ол аударма нұсқасының қолжазбасы бүгінге дейін табылмай тұр. Ол аударманың болғанын Шәді ақынның атбасарлық Қалменбайға арнаған өлең жолында:

*Жібердім «Шаһнаманы» сауап үшін,
Батыр мен палуан сөзі толған іші.
Өзіңіз оқып көріп, түсінерсіз...
Мінбекке ағаңызға бір ат дәркар,
Бес жаста ия алты да болса міні, –*

деп жазуы Шәді аударған «Шаһнаманың» барлығын айғақтап тұр. Бұл ретте оқымысты ақын Т. Ізтілеуұлының «Шаһнама» дастанын 40 мың жол көлеміндегі еркін аударма түрінде өткен ғасырдың отызыншы жылдары бітірген еңбегі ерекше сүбелі. Осы еңбектің 1961 жылы М. Әуезовтің алғы сөзімен басылым көрген «Рүстем-Дастан» деп аталатын бөлімі аудармадан гөрі өзіндік қайталанбас ерекшелігі бар туынды есебінде бағаланды. Т. Ізтілеуұлы шығармасының толықтырылған нұсқасы «Шаһнама. Рүстем-Дастан» деген атпен 2004 жылы тағы жарық көрді...

Міне, осы реттен алғанда да қазақтың көптеген ақындары әр кезеңдерде аударуға атсалысқан «Шаһнама» дастанының сонау XVI ғасыр басында қыпшақ тілінде толық аударылған нұсқасының

артып келеді. Елбасымыз Н. Назарбаев тарапынан «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, көптеген құнды тарихи құжаттар мен әдеби жәдігерлер зерттеліп, зерделенді. Алыс құрлықта түркі жазба тілінде, соның ішінде қыпшақ-оғыз диалектінде жазылған мәмлүк-қыпшақтарының ескерткіштері қазақ мәдениетінде алар орны ерекше. Мысырдағы мәмлүк сұлтандарының ата қоныстағы Қыпшақ даласымен (Дешті Қыпшақ) саяси, мәдени қарым-қатынастарының нәтижесінде дүниеге келген асыл мұралар бүгінгі ұрпақ үшін қашан да маңызды. Бұл ретте ОҚО әкімшілігі тарапынан қолған алынған «Қазыналы Оңтүстік» мәдени бағдарламасы аясында Шәрифиді тарапынан жазылған түркі тіліндегі

«Шаһнаманың» бүгінгі қазақ тіліне тәржімаланып, бірнеше кітап болып шығып жатқанын ерекше атап өткен жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Конрад Н. Запад и Восток. – Москва: Наука, 1972. – 496 с.
2. Бертельс Е. Суфизм и суфийская литература. – Москва: Наука, 1965. – 523 с.
3. Наджип Е. Культура и тюркоязычная мамлюкского Египта XIV века. – Туркестан: Туран, 2004. – 291 с.
4. Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. – Алматы: әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, 1995. – 342 б.; Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.
5. Zajaszkowski A. Turecka wersja Sah-name z Egiptu Mameluckiego// Prace Orientalistyczne. Warszawa, 1965. T. XV.

табылуы сөз жоқ ерекше оқиға ретінде саналады. Оның қыпшақ тіліндегі тұңғыш тәржімасын Мысырдағы мәмлүк ақыны Шәриф Әмиди жасаған. Бұл аударманың қолжазба нұсқасы Түркияның Ыстамбұл қаласындағы Сүлеймания кітапханасында 989-нөмірмен сақтаулы тұрыпты.

Қолжазбаның көлемі 1172 бет, яғни 586 парақ деген сөз. Әр беті 25 бәйіт, яғни 5 өлең жолы 4 тармақты бір-бір шумақ өлең ретінде берілген. Аудармашы дастанның кіріспесінде:

*Қойып ол парсы ырғағын елден,
Бір басқа өлшем таптық бізде тілден.
Оңай соқпады, ол ырғақты таңдадық,
Осы ырғақ үстіне осы өлеңді салдық, –*

деп шығарманы тәржімалаған кезде өлеңді парсы ырғағына салмай, түрк халықтарының өлең уәзіне бейімдегендерін ескертіп өтеді.

Ш. Әмидидің жазуынша, оған дастанды аударуға Мысырдың мәмлүк сұлтаны «шаһ Гаури» өтініш еткен. Оны:

*«Мұны түркіге аудар, түсінейік,
Нелер өткенін әлемнен тыңдайын.
Парсы тілін білесің барша парсыдан
Бұл ұсынысты қабыл ет мейірман», –*

деген шумақтан да айқын аңғарамыз. Ш. Әмиди өзі атқарған дастанды аудару жұмысының 1501 жылы басталып, 1510 жылы аяқталғанына шүкіршілік айтып тебіренеді. «Шаһнаманың» қыпшақ тіліне аударылуына тікелей тапсырыс берген Гаури шаһ – 1501-1516 жылдары Мысырды билеген мәмлүк сұлтаны Әл-Ашраф Кансу әл-Гаури (1441–1516) болатын. Бұл көлемді дастанның қыпшақшаға аударылуының өзі, сол кезеңдерде Мысыр жерінде осы тілдің кеңінен қолданылғанын да айғақтаса керек.

Ш. Әмиди аударған «Шаһнама» дастанының қыпшақ тіліндегі нұсқасында қолданылған сөздер құрамының ХҮ-ХҮІ ғасырдағы қазақ әдеби тілінің тарихын тану мен зерттеуге, сол тұстағы қазақ әдеби тілінің қолдану аясын бағамдауға зор үлес қосары да даусыз.

ЖАЗАЛАУШЫ ЕЛШІ ОРНАТҚАН ҚҰЛПЫТАСТАҒЫ ЖАЗУ БАТЫС ТҮРК ҚАҒАНАТЫ ТАРИХЫНЫҢ БҰРЫН МӘЛІМСІЗ ҚЫРЛАРЫНАН СЫР ШЕРТЕДІ

Кіндік Азияның ортағасырлық тарихи оқиғаларынан аса маңызды дерек беретін ескерткіштердің бірі – Суяб қаласындағы Қытайдың Тан империясының (618-907) Он оқ будун ұлысы бойынша елшісі міндетін атқарған Ду Хуайбаоның пәрменімен орнатылған эпитафиялық құлпытас. Оның сынып, бүлінген бөлігі 1982 жылы Қырғыз еліндегі Тоқмақ қаласының оңтүстік-шығысына қарайғы 8 шақырым жерде орналасқан көне Ақбешім қала жұрты маңындағы диқан үйінен кездейсоқ жағдайда табылған болатын. Көне дүние мұрасы екендігі күмән тудырмаған ескерткішті көзі қарақты жандар дереу жергілікті тарихи-өлкетану мұражайына тапсыртқызады.

Қызғылт түсті граниттен сомдалған бұл құлпытастың әу бастағы бүтін қалпы қандай екені мәлімсіз. Астыңғы және үстіңгі жақтарындағы бекіткіш қалдықтарына қарағанда, ол қабір басына қойылған ескерткіштің не ортаңғы бөлігі, немесе тұғыры болуы мүмкін. Дегенмен зерттеушілер үшін ең маңызды нәрсе – сол бүлінген тас бетінде көне қытай иероглифтерімен бәдізделген жазудың бар болғаны еді. Ескерткішті біраз жылдар өткен соң орыс синологы Г. П. Супруненко арнайы зерттеп, ондағы таңбаланған жазулар арасынан ең бір түйінді, шешуші иероглифтерді таниды. Сөйтсе ол Қытайдың Тан империясының Кіндік Азия жеріндегі елшілігі ретінде саналатын Ань-си духуфу [1] мекемесінің духуы (орталық биліктің қытай емес халықтар мекендейтін дуандарға тағайындайтын өкілі, наменгері, *наместник*) лауазымындағы тұлға – Ду Хуайбаоның анасына арнап орнатқан құлпытас (эпитафия) екен. Дегенмен сол жылдары совет-қытай саяси қарым-қатынастарының ушығыңқы жағдайына байланысты, бұл жаңа археологиялық олжа туралы хабарлама да, зерттеу де еш жерде жарияланбай, ешқандай ғылыми айналымға енбей, елеусіз күйінде қалып қояды. Ескерткішті тек Кеңес одағының күйреуі қарсаңында, 1990 жылы жапон ғалымдары Хаяши Тошио мен Мидори Найто толық зерттеп, ондағы қытайша мәтіндердің эстампын жасап, көшірме жазбасын түсіріп, оқып, түсіндірмесін, зерттеу нәтижелерін жариялады. Содан соң ғана ол халықаралық түрктану саласының, Орталық Азияның орта ғасырлар тарихын зерттеушілердің ерек-

Сағынтай СУҢҒАТАЙ,
тарихшы-археолог,
қытайтанушы



ше назарын аударатын жаңалық ретінде санала бастайды.

Будхисатва мүсіндеріне тән құлпытас жазуы ретінде орнатылып, ортаңғы бөлігі бүлінген ескерткіштің пішіні сегіз бұрышты боп келген, ортаңғы бөлігінің ұзындығы – 32.6 см., ені – 13.5 см., қалыңдығы – 11 см. Құлпытастың ортаңғы бөлігіндегі біраз мәтін (тастың көп уақыт баспалдақ ретінде қолданылуына байланысты) жойылып кеткен, қазірше танылып, анық оқылып, мәні ашылған иероглифтер төмендегідей:

安西副都护碎叶镇压十姓使上柱国杜怀宝...
上天...下...
妣见...使...法界...生普愿平安获
其...瞢福敬造一佛二菩萨

Қытайша мәтіннің транслитерациясы:

Anxi fuduhu Suiye zhenya shixing shi shangzhuguo Du Huaibao...shangweitian...xia...bianjian...shi...fajie...shengpu yuan pingan huoqi...mingfu jingzao yifo erpusa.

Қытайша мәтіннің кирилл әріптерімен транскрипциясы:

Ань-си фудуху Суй-е чжэнь-я шисин ши шанчжуго Ду Хуайбао...шанвэйтянь...ся...бицзянь...ши...фацзе...шэнпу юань пин ань хуоци...минфу цзинзав и фо эр пуса.

Құлпытас мәтініндегі иероглифтер тігінен, оңнан солға қарайғы ретпен бәдізделген. Жапон және қытай ғалымдарының зерттеулеріне сүйене отырып,

РЕЗЮМЕ

В статье дается описание тюркского текста великого произведения «Шахнаме» Фердауси, переведенного поэтом Шарифи на кыпчакский язык в 1501-1510 годы, в период правления мамлюкских султанов. «Шахнаме» – это выдающийся шедевр не только персидской литературы: переводы этой поэмы являются и культурным наследием тюркских народов.

SUMMARY

The article describes the Turkish text of Ferdaus' «Shahnameh» great work translated by poet Sharifi into the Kypchak language in 1501-1510, during the regimen of the Mamluk sultans. «Shahnameh» is an outstanding masterpiece not only of Persian literature; its translations are also the cultural heritage of the Turkic nations.